

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
Республикалық ғылыми-педагогикалық орталық
"Білім-Образование-Education"
Республиканский научно-педагогический центр**



**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
"Білім-Образование-Education"
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ**

Мазмұны/Содержание

1.	Абдрахманова Р.Т.....	4
2.	Абдраимова А.Б.....	8
3.	Дигенова Б.К.....	14
4.	Дубровина И.Г., Маукаева А.К.....	21
5.	Жумажанова С.Б., Оспанова М.Н.....	28
6.	Жұмаканова Ұ.Қ., Өтеулі М.С.....	36
7.	Зейнелова А.Е.....	44
8.	Зейнелова А.Е., Есжанова Г.Д.....	49
9.	Калижанова М.Б.....	55
10.	Жамантасва Ж.К., Пранге О.В.....	62
11.	Жакишев Б.Д.....	71
12.	Есебаев М.М.....	76
13.	Төрткулбаева Т.А.....	82

ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

ТӨРТКУЛБАЕВА Тұрсынай Абдигазиевна
Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика
институты
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
Қарақалпақстан, Нөкіс қаласы,

Андатпа

Қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақын-
жыраулары шығармаларының көркемдігі.

Сөз өрнегінің мамандары өзінің тыңдаушысы мен оқырманының жүрегіне жол тауып, көңілін сергітіп оятуы үшін тың ой мен орамды образды сөзді, өз шығармашылығында қолдануға тырысады, көркемдіктің оюын ойып, ізденеді.

Б.Кенжебаев «ақын, жазушы кейіпкерінің, дәуірдің, ортаның күй-қалпын, келбет бейнесін суретін айнытпай, дәл көрсететін сөздерді іздестіріп табады, оларға лайықты, жарасымды сөздерді, солар айтатын, қолданатын сөздерді көп қолданады» [1, 17 б.] – дейді. Ақын айналасының арман-мүддесін өлеңімен өрнектеп, тыңдаушысының ой сезімін оятып, тебіреніп, көркемдеп шалқытады. Сөз де, ой да, психология да, өміртану да ақынның өндірістік жаны. Осы орайда академик М.Қаратаев: «тұжырып айтқанда, шеберлік жоқ жерде көркемдік жоқ. Оның үстіне шеберлік ақ жінпен тіккендей адырайып тұрмайды, шығарманың тұлғасына жан беріп, нәр беріп жымдасып кететін құбылыс. Сондықтан шеберлік ... шығарманың жаны» [2, 56.] – деген. Демек, жанды сурет те, ой да шеберлік арқылы танылады, көрінеді. Егер шеберлік болмаған жерде көркемдік көріне алмайды. Құнды шығарма – шеберліктің жемісі.

Қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақын-жыршылары поэзиясы осы өңірдегі казактардың өміріп толғағанын, тағдырын жырға қосты.

«Ауыздықпен су ішіп, етігімен су кешкен», ел басына күн туған заманда Бескала өңірі қазақ жырының сақталуына ерекше ықпал еткендігі тарихтан белгілі. Бескала акын-жыраулар шығармашылығы ұрпақтарды ерлікке баулыды, елдігімізді сақтауға тәрбиеледі, достығымызды биікке көтерді. Ұлтымыздың өзге туыстар ортасында ұлттық қалыбын сақтап қалуына өлең-жырларымен әсер етті. Жан-жүрегімен толғаған, толғанған жүрек сөзімен ұлтын көркемдік әлемінде тәрбиеледі. Оларға эстетикалық сезім дарыта білді.

Қарақалпақ аймағында туылып, сол аймақта тұрған, кейбірі Қазақстан аймағынан келіп, Хорезм ойпатында тұрақтанып қалған жыршылар, ақындар туған елінің үні боп, сөзі боп, тілі боп табылатын шығармашылығында туған халқының ұлттығын сақтап, ұлттық дәстүрін ардақтап, жақсылықты да, жамандықты да, этикалық өнегені тұрақты жырлады. Туындыларын өзге туыс ұлт ақындарының шығармашылығының көркемдігінен солғындатпай әрлендіре дамытты. Қарашаңырақтан тыс аймақта жасаған қазақтардың тарихын жыр бедері арқылы өрнектеді.

«Акын тілі айрықша өң берілін айтылған сөз» [3, 147 б.] – дейді Ахмет Байтұрсынов. Ұлы ғалым «бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки киятымызды, яки көңліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сөз өнері сол болады» [3, 147 б.] – деген. Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары қазақ сөз өнерін туғызу арқылы қазақтардың «киялын» өркендетіп, «көңіл күйіп» шартарапқа шалқытып тәрбиелеуге баса назар аударған. Олар шығарған жыр мұраларында келер ұрпақты, өз дәуіріндегі азаматты ұлттық дәстүр сабақтастығында тәрбиелеуге ұмтылып тәлім-тәрбиелі, өнеге-үлгілі сөзді жыр жолдарының басты көркемдігі деп білді.

Жүйрік тазы, жүйрік ат,
Ақылды әйел үшеуі.
Баламенен төртеуі,
Қолға түссе жігіттер.
Не қамтама етесін,
Түсе алмаса қолыңа.

Бармағынды әр жерде,
Тістей бір тістей өтесің [4, 306 б, Құдайберген].
Дүние мынау дөңгелек,
Әркім келер бір кезек.
Дүние өтіп кеткен соң,
Қаласың қолды сермелеп [4, 13 б, Танжарбай].
Ауылым көшіп барад Ойдалыға,
Алданың кім көнбейді салғанына,
Албырап тұла бойым жүре алмаймын,
Айрылып туған жерден қалғаным ба?
[4, 24 б, Дәриябай].
Халқына басшы болар ақылды адам
[4, 87 б, Мамытұлы].

Ақындар өмірге, тағдырға, тіршілікке әр қырынан
келсе де ақыл-кеңес, насихат, өнеге, үлгі, тіршілік, тағдыр,
туған ел мен жерді аңсау идеяларын басты нысанасынан
шығармайды. Өмірден өнеге түйіп қорытқанын мақал-мәтел
күйінде де баяндай білген.

Жаксы мен жаксы дос болса,
Жаксыға жаман болар қас [4, 53 б, Ерқожа].
Ақын, әнші күйшіні халық сүйген [4, 60 б, Жалғасбай].
Шыдамды еңбек алғыр ой,
Анық досың біліп қой [4, 151 б, Сейдәлі].
Атасы алыс болса да,
Жаксы адам жат болмас [4, 294 б, Құдайберген].
Өзім білем деген өледі,
Көп біледі деген жеңеді.
Аштың ақылы табағында,
Жаяудың ақылы табанында
Уәде-серт [4, 357 б, Қайролла].

Қазақ өлеңдері әнімен, саздылығымен құлақты кесіп,
көкейді тесіп жүрегіміз төріне жетеді. Мұны ақындар да,
жыраулар да терең ұққан. Көп тармақты өлеңдер
музыкалығымен, сезімталдығымен, драмалығымен,
азаматтығымен көптің көкейіне жеткен.

Мұндай ілгеріден қалыптасқан дәстүр қарақалпақ
аймағында жасаған қазақ ақын-жыршыларының
шығармашылығында дәстүрлі жалғасқан.
Жалғасбай:

Айт десендер шындайын,
Ор қояндай зымырайын.
Ақ домбыра қолға алып,
Олай-бұлай қағайын.
Үзілсе ішек тағайын,
Жас басымнан сөз сөйлеп,
Жұқарып жүр таңдайым [4, 56 б.];
Ж.Мамытұлы: «Ән салып бұл Жәкеннің айтқан жыры»,
«Сайраған бұлбұл құстай үнім артық» [4, 88 б.];
Ж.Төлепов:
Алдымдағы ағалар,
Домбырамды толғайын.
Түйдектеп жырды айтайын,
Өлең терме, ән терме,
Алдарына салайын.
Көңілімде болмаса,
Сөзді қайдан табайын.
...Домбыраны қолға алып,
Сөйле, сөйле қызыл тіл [4, Б.99-100, 101];
Е.Құппыбайұлы:
Мен халықтың базары,
Алқалы топта ойнаған.
Көңілім желді, тіл жүйрік,
Тереңнен жауап ойлаған [4, 112 б.];
Сейдәлі:
Мен Сейдәлі ақының,
Сөйлеп жүрген жасынан.
Сөйлесе сөзі кем емес,
Лағылы гауһар тасынан
Мен бір алмас бұл күнде,
Қынапта тұрып жасыған [4, 142 б.];
Тілеумағамбет:
–Ау, жігіттер, сөз тыңда
Сөз тыңдасаң сөз мұнда.
Тыңдайтуғын жолдасқа,
Әрбір сөзім мың тілде [4, 200 б.];
Жақып:
Домбыра алып сөйлесем,
Айтқан да сөзім ыңғайлы [4, 242 б.];

Құдайберген:

Ал жырауың толғасын,
Домбырасын қолға алсын.
Кәрілер болса қуансын,
Құрбылар болса тыңдасын.
Көптен бері көрмеген,
Көрісіп сәлем бермеген,
Сағынған шығар жорғасын [4, 280 б.];

Қайролла:

Құтты болсын әлеумет,
Құралған мынау құрмаңыз.
Домбырасын қолға алып,
Жиынға келді жорғаныз.
Алуан-алуан сөзім бар,
Құлақ салып тыңдаңыз,
Әр алуан сөзім бар.
Патшайы мен макпалдай,
Пұлы қымбат заттардай,
Асыл сөзді көп айтып,
Талай жерге мақталды-ай.
«Осыдан жаттап алсақ» – деп,
«Үйреніп бұдан қалсақ» – деп,
Үйренбелер дағдарды-ай! [4, 314-315].

Акын-жыршылар өнер туындыларын халық арасында жырлап, домбыра, қобызға қосылып айтқанын жоғарыдағы келтірген біраз мысалдар дәлелдейді.

Қарақалпақ аймағындағы казак акын-жыршылары көркем сөз өнерін, шығармашылығын жанрларды дамытуы үстінде нығайта түсті. Өлеңнің өлместігіне сенді. Өлеңі арқылы қандастарына туған тілдің қасиетін ұғындырды. Ата жұртты ансатып, еске алды. Туған, өскен, азамат болған ортасын жанымен сүйіп, бауырластарын ардақтады. Көркемдік тіл орамдарына казактардың абзалдығын орады. Өлеңдерінің оралымдылығына мән берді. Ұйкастың әсем түрлерін өлеңдерінде қолданды. Дәстүрлі өлең түрлерінің, көркемдеу әдістерінің мүмкіншілігін танытты, байытты, оларға жаңа түс беруге тырысты.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Бекхожин Қ. Дәстүр және жаңашылдық. –Алматы. Жазушы, 1969
- 2.Көркемдік кiлтi шеберлiк. Жинақ. –Алматы. Қазақ ССР-інің Ғылым баспасы, 1985
- 3.Байтұрсынов А. Шығармалары. –Алматы. Жазушы,1989
- 4.Жұмажанов Қ. Төртқұлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы (оқулық-хрестоматия). – Алматы, 2017.